

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне ведомстволық бағыныстағы бірқатар ұйымдарды қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 760

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар қайта ұйымдастырылсын:

1) 1-қосымшаға сәйкес ұйымдарды біріктіру жолымен Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы" (бұдан әрі - Ұлттық орталық) республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) "Металлургия және байыту институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Metallургия институты) етіп қайта құру жолымен "Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық орталық пен Metallургия институтына қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып белгіленсін.

3. Ұлттық орталыққа 2-қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

4. Қызметінің негізгі бағыттары:

1) Ұлттық орталықтікі:

уран мен басқа да бөлінетін материалдарды, сондай-ақ олардан жасалатын бұйымдарды өндіруге, тасымалдауға, қайта өңдеуге және көмуді қамтамасыз етуге арналған технологиялар мен жабдықтар әзірлеу;

босаған әскери-техникалық құралдарды ұқсатудың, көмудің және қайта өңдеудің технологиясын әзірлеу және оны қамтамасыз ету;

дәрі-дәрмек құралдарының, емдік препараттар мен ингредиенттердің технологияларын әзірлеу, оларды дайындау және сату;

2) Metallургия институтынікі:

қара, түсті, сирек кездесетін және асыл металдар metallургиясы саласында ғылыми, іргелі зерттеулер жүргізу болып белгіленсін.

5. Уәкілетті орган заңда белгіленген тәртіппен:

1) Ұлттық орталық пен Metallургия институтының жарғыларын бекітсін және т і р к е с і н ;

2) Ұлттық орталықтың жарғылық қорын айқындасын және Metallургия институтына жедел басқару құқығымен мүлік берсін.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығының қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралары туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 шілдедегі N 642 P930642_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 31, 356-құжат);

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми орталықтарының қызметі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 желтоқсандағы N 1668 P961668_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 511-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2 - тармағы .

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
15 маусымдағы N 760
қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатын ұйымдардың

Тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының "Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу Алматы қаласы жөніндегі ұлттық орталығы"
2. Д.Қонаев атындағы Тау-кен істері Алматы қаласы институты
3. Химия-металлургия институты Қарағанды қаласы

4. "Түстімет ШҒЗИ" Шығыс тау-кен Өскемен қаласы
металлургиялық түсті металдар
ғылыми-зерттеу институты

5. "Қазмехнобр" мемлекеттік Алматы қаласы
өнеркәсіптік экология
ғылыми-өндірістік бірлестігі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
15 маусымдағы N 760
қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
"Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді қайта
өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік
к ә с і п о р ы н д а р ы н ы ң

Тізбесі

1. Д.Қонаев атындағы Тау-кен істері Алматы қаласы
институты
2. Химия-металлургия институты Қарағанды қаласы
3. "Түстімет ШҒЗИ" Шығыс тау-кен Өскемен қаласы
металлургиялық түсті металдар
ғылыми-зерттеу институты
4. "Қазмехнобр" мемлекеттік Алматы қаласы
өнеркәсіптік экология
ғылыми-өндірістік бірлестігі